## Әлеуметтік-еңбек саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 690 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 14 ақпанда № 9151 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 971 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 15.12.2015 № 971 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) «Үйде әлеуметтік көмек көрсету» кәсіби стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі қызметтерді ұйымдастыру» кәсіби стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) «Жұмыспен орталықтарының(қызметтерінің) қызметтерін ұйымдастыру» кәсіби стандарты осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) «Медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) лауазымдары» кәсіби стандарты осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу жөніндегі қызметтерді ұйымдастыру» кәсіби стандарты осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) «Протездік-ортопедиялық бұйымдарды әзірлеу және қызметтер» кәсіби стандарты осы бұйрыққа 6-қосымшасыға сәйкес бекітілсін.

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Оспанов) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтын орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Қ.Б. Әбсаттаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Т. Дүйсенова*

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 690 бұйрығына
1-қосымша

## «Үйде әлеуметтік көмек көрсету» кәсіби стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Үйде әлеуметтік көмек көрсету» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды және ол мыналарға:

1) еңбек нарығының қазіргі кездегі сұранысына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңарту үшін кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуге;

2) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге ( персоналды уәждендіру және ынталандыру жүйелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды; персоналды іріктеу, таңдау және аттестаттау, мансапты жоспарлау жүйелерін әзірлеуге);

3) персоналды кәсіпорындарда оқытудың, кәсіби білім берудің барлық деңгейінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, сондай-ақ осы бағдарламаларға оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіптік даярлыққа бағалау жүргізуге және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізінде ұйымдардың біліктілік мінездемелері, лауазымдық нұсқаулықтары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

3. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының кіріктірілген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;

4) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграциялық негізі бар (міндетті, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) және еңбек функцияларының және оларды орындау үшін құзыреттіліктің ұқсас жиынтығын көздейтін еңбек қызметі саласы түрлерінің жиынтығы;

5) КС – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) КС бірлігі – еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

7) кәсіп – бұл арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде туындаған арнайы теориялық білім және практикалық дағдылар кешенін меңгеруді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

8) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

9) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

10) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

## 2. КС паспорты

4. КС төлқұжаты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (бұдан әрі – 03-2007 ҚР МС) «88.99 Қарттар мен мүгедектер үшін тұратын жерін қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтерді ұсыну»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: тұратын жерін қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтерді ұсыну;

3) еңбек қызметінің түрлері, кәсіптері, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшада көрсетілген;

5. КС талаптары осы саладағы мынадай кәсіптерге қатысты:

психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгеруші;

әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің бастығы.

## 3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсібінің) карточкасы

### 1-параграф «Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер»

6. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ – 4-5, ҰБШ бойынша – 4-5;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 5133 – «Үйде жеке қызметтерді көрсететін қызметкерлер»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында (жетекші, бас, аға) маман; әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: тұратын жерін қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтерді ұсынуды көздейді;
5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкердің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

### 2-параграф «Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер»

7. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ – 4-5, ҰБШ бойынша – 4-5;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 5133 – «Үйде жеке қызметтерді көрсететін қызметкерлер»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында (жетекші, бас, аға) маман; әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: тұратын жерін қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтерді ұсынуды көздейді;
5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Қарттар

мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкердің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 3-параграф «Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант»

8. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ – 5, ҰБШ бойынша – 5;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 3460 – «Әлеуметтік қызметкерлер»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы:

әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету, баланың құқықтары, мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оңалту; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар, асыраушысынан айрылуы бойынша жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек және төлемдердің басқа да түрлері бойынша консультативтік қызмет көрсетуді көздейді, қорғаншылықты қамқоршылықты ресімдеу, арнайы түзету ұйымдарына, халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріне орналастыруды жүзеге асыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 4-параграф «Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгеруші»

9. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ – 6, ҰБШ бойынша – 6;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1228 – «Халыққа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету саласының ұйымдарындағы мамандырылған бөлімшелердің (қызметтердің) басшылары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгеруші;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы:

үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің жұмысын жалпы басқаруды жүзеге асыруды көздейді және бөлімшенің жұмыс істейтін аумағында тұратын

өмірлік қиын жағдайда қалған және әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж азаматтарды анықтау және есепке алу жұмысын жүргізуді қамтамасыз етедіу жүзеге асыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлім меңгерушісінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 5-параграф «Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің бастығы»

10. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ – 7,ҰБШ бойынша – 7;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1143 – «Гуманитарлық және басқа да арнайы ұйымдардың басшылары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгеруші;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: құрылымдық бөлімшенің жұмысын жалпы басқаруды жүзеге асыруды және жұмыс жоспарларын даярлауды жүзеге асыруды көздейді, бөлімше қызметкерлері қызметінің нақты бағыттарын жүзеге асыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімше бастығының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 4. КС бірліктерінің тізімі

11. КС бірліктерінің тізімі осы КС 2-қосымшасында көрсетілген және КС бірліктерінің шрифті мен атауынан тұрады.

## 5. КС бірліктерінің сипаттамасы

12. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында көрсетілген.

## 6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

13. Кәсіби даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар осы КС негізінде сертификаттар береді.

14. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері осы КС 3-қосымшада көзделген сертификатты алу үшін игеру қажет болатын КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес айқындалады.

## 7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

15. КС әзірлеушісі «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып табылады.

16. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.

«Үйде әлеуметтік көмек көрсету»
кәсіби стандартына
1-қосымша

## Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің түрлері (кәсібі)

| Р/с № | Қызмет түрінің атауы | Еңбек нарығының үрдісін ескергендегі кәсіптердің атауы | 01-2005 ҚР МС сәйкес кәсіптердің атауы | СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разряд |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тұратын жерін қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтерді ұсыну | Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер | Тұрмыстық қызметтер бюросының жұмысшысы | 4-5 | - |
| 2 | | Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер | | 4-5 | - |
| 3 | | Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант | Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант | 5 | - |
| 4 | | Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі | Шаруашылық бастығы | 6 | - |
| 5 | | Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің бастығы | | 7 | - |

Ескертпе: БТБА - Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

«Үйде әлеуметтік көмек көрсету» кәсіби стандартына
2-қосымша

# 1. Ықтимал жұмыс орындары. Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкердің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгей | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі біліктілі орташа дәрежелі әлеуметтік қызметкер | | |
| 4<br>(санаты жоқ) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім немесе негізгі орта білім және әлеуметтік даярлық жөніндегі сертификат | Талап етілмейді |
| 4<br>(II санаттағы) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі орташа дәрежелі санаты жоқ мама лауазымында кемінде 1 жыл |
| 4<br>(I санаттағы) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі орташа дәрежелі екінші санаттағ маман лауазымында кемінде 1 жыл |
| 4<br>(жоғарғы санаттағы) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі орташа дәрежелі бірінші санаттағ маман лауазымында кемінде 2 жыл |
| Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі біліктілі жоғары дәрежелі әлеуметтік қызметкер | | |
| 5<br>(санаты жоқ) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық) білім | Талап етілмейді |
| 5<br>(II санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі санаты жоқ мама лауазымында кемінде 1 жыл |
| 5<br>(I санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі екінші санаттағ маман лауазымында кемінде 1 жыл |

| | | |
|---|---|---|
| 5<br>(жоғарғы санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі бірінші санаттағ маман лауазымында кемінде 2 жыл |

## 2. Ықтимал жұмыс орындары. Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкердің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі біліктілігі орташа дәрежелі әлеуметтік қызметкер | | |
| 4<br>(санаты жоқ) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім немесе негізгі орта білім және әлеуметтік даярлық жөніндегі сертификат | Талап етілмейді |
| 4<br>(II санаттағы) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі орташа дәрежелі санаты жоқ мама лауазымында кемінде 1 жыл |
| 4<br>(I санаттағы) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі орташа дәрежелі екінші санаттағ маман лауазымында кемінде 1 жыл |
| 4<br>(жоғарғы санатты) | Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі орташа дәрежелі бірінші санаттағ маман лауазымында кемінде 2 жыл |
| Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі біліктілігі жоғары дәрежелі әлеуметтік қызметкер | | |
| 5<br>(санаты жоқ) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, экономикалық, психологиялық педагогикалық) білім | Талап етілмейді |
| 5<br>(II санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, экономикалық, психологиялық педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі санаты жоқ мама лауазымында кемінде 1 жыл |
| 5<br>(I санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, экономикалық, психологиялық педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі екінші санаттағ маман лауазымында кемінде 1 жыл |
| | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, | |

| | | |
|---|---|---|
| 5<br>(жоғарғы санаттағы) | экономикалық, психологиялық педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі бірінші санаттағ маман лауазымында кемінде 2 жыл |

# 3. Ықтимал жұмыс орындары. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгей | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| Әлеуметтік жұмыс жөніндегі біліктілігі жоғары дәрежелі консультант | | |
| 5<br>(санаты жоқ) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Талап етілмейді |
| 5<br>(II санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі санаты жоқ мама лауазымында кемінде<br>1 жыл |
| 5<br>(I санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі екінші санаттағ маман лауазымында кемінде<br>2 жыл |
| 5 (жоғарғы санаттағы) | Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім | Біліктілігі жоғары дәрежелі бірінші санаттағ маман лауазымында кемінде<br>3 жыл |

# 4. Ықтимал жұмыс орындары. Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлім меңгерушісінің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары ( кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгей | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 6 | Жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) ( әлеуметтік, медициналық, педагогикалық, экономикалық, заң) білім | Халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында немесе экономикалық қызмет түріндегі ұйымн тиісті бейіні лауазымдарында жұмыс тәжірибе кемінде 3 жыл |

## 5. Ықтимал жұмыс орындары. Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімше бастығының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгей | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 7 | Жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) ( әлеуметтік, медициналық, педагогикалық, экономикалық, заң) білім | Халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында немесе экономикалық қызмет түріндегі ұйымн тиісті бейіні лауазымдарында жұмыс тәжірибе кемінде 3 жыл |

«Үйде әлеуметтік көмек көрсету»
кәсіби стандартына
3-қосымша

## КС бірліктерінің тізбесі

## 1. «Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедек балалард әлеуметтік оңалту |
| Ф 2 | Баланың және 18 жастан асқан адамның бос уақытын ұйымдастыру |
| Ф 3 | Құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу |
| Ф 4 | Мұқтаж отбасыларға әлеуметтік көмек бөлуге жәрдемдесу |

Ескерте: Ф-функция

## 2. «Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Қарттар мен мүгедектерге күтім жасауды ұйымдастыру |
| Ф 2 | Медициналық және әлеуметтік көмектің басқа түрлерін алуға жәрдемдесу |
| Ф 3 | Құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу |
| Ф 4 | Әлеуметтік көмек көрсету үшін бюджеттен тыс қаражаттарды тартуға жәрдемдесу |

## 3. «Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Консультациялық және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету |
| Ф 2 | Көрсетілетін консультациялық және әлеуметтік қызметтерді жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізу |

## 4. «Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгеруші» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтарды есепке алу |
| Ф 2 | Халықтың әлеуметтік осал топтарының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру бойынш жұмыстарды ұйымдастыру |
| Ф 3 | Көрсетілген әлеуметтік қызметтің сапасын бақылау және бөлімшелердің жұмыстарына басшылық ет |
| Ф 4 | Оңалтуды ұйымдастыруға мұқтаж адамдарды айқындауға жәрдемдесу |

## 5. «Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің бастығы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Мұқтаж адамдарды әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру |
| Ф 2 | Әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі қажетті құжаттамаларды әзірлеу |
| Ф 3 | Көрсетілетін қызметтердің дерекқорға енгізілуін бақылау |
| Ф 4 | Бөлімше қызметін ұйымдастыру және оның тиімділігін арттыру |

«Үйде әлеуметтік көмек көрсету»
кәсіби стандартына
4-қосымша

## КС бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық картасы) 1. « Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Біліктері мен дағдылары | Білімі | Жеке және кәсіби құзыреттер |
|---|---|---|---|
| | Психоневрологиялық ауруға шалдыққан мүгедек балаларды және 18 жастан асқан | Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу әдісі, мүгедек-балалар және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектер саны туралы статистикалық мәліметтерді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | мүгедектерді анықтау. Бөгде адамның көмегіне мұқтаж адамдарға көмек көрсету: балаларды және 18 жастан асқан адамдарды өз-өзіне қызмет көрсету, өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау және қарым-қатынас дағдыларына үйрету. Оңалту шараларын жүзеге асыру. Тиісті талаптарға сай қызмет қалыптастыруда және ұсынуда заманауи технологияларды қолдану. | талдау әдістері. Өз-өзіне қызмет көрсету, өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау және қарым-қатынас дағдыларына үйрету әдістері және жолдары. Баланың әлеуметтік және қозғалу дағдысын дамытуға септігін тигізетін әдістер және тәсілдер, науқасты жалпы күтудің практикалық дағдылары. Үй жағдайындағы 18 жастан асқан адамдарды және балаларды күту жөнінде санитарлық-гигиеналық талаптар. | Басшы белгілеген мақсатта және тәсілдерге сүйене отыр , өзінің жеке қызметін ұйымдастыру, қойылған міндеттердің шешімін таба бі және олар үшін жауапкершіл алуға дайындық. |
| Ф 2 | Балалар мен жасөспірімдерді мәдени, рухани-адамгершілік құндылықтарына баулу, салауатты өмір сүруге бейімдеу. | Азаматтарға әлеуметтік қызметті ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар. Әлеуметтік-мәдени оңалту әдістері және нысандары. | |
| Ф 3 | Қорғаншылықты, қамқоршылықты ресімдеу, интернат-үйлерге, аумақтық орталықтарға және т.б. орналастыру. | Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі және қамқоршылықты , қорғаншылықты ресімдеу, интернат-үйлерге орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер. | |
| Ф 4 | Жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек, қайырымдылық қорлары, демеушілер, өзге де қаржыландыру көздерінің қаражаты есебінен, басқа да гуманитарлық көмекті ресімдеу. | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы түрлері мен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек беру тәртібі, сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілері. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нормалар мен ереже талаптары. | |

## 2. «Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Біліктері мен дағдылары | Білімі | Жеке және кәсіби құзыреттер |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Бөгде адамның көмегіне мұқтаж жалғызілікті қарттар мен жұмысқа жарамсыз азаматтарды анықтау. Мүгедек және қарттарды дәрігердің рецепті бойынша күнделікті дәрі-дәрмекпен, қажетті шаруашылық тауарлар және өнеркәсіптік, түскі ыстық тамақ, азық-түлікпен қамтамасыз ету. Талаптарға сай тиісті қызметтерді қалыптастыру және көрсету үшін заманауи технологияны қолдану. Қажетті жағдайда алғашқы дәрігер келгенге дейін көмек көрсету. | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі Халық топтары және әр түрлі әлеуметтік санаттарының тіршілік тынысының деңгейі және жағдайлары. Білікті медициналық көмек көрсеткенге дейін өмірлік маңызды ағза функцияларын қолдау тәсілдері. | |
| Ф 2 | Қарттар мен мүгедектерді қажетті медициналық протездік-ортопедиялық және әлеуметтік көмектің басқа да түрлерімен қамтамасыз ету. Денсаулық сақтау ұйымдарымен және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру. | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі, сондай-ақ өзге де әлеуметтік көмекті ұйымдастыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер. | Басшы белгілеген мақсатта мен тәсілдерге сүйене отырь өзінің жеке қызметін ұйымдастыру, қойылған міндеттердің шешімін таб білу және олар үшін жауапкершілік алуға дайындық. |
| Ф 3 | Қамқоршылықты, қорғаншылықты ресімдеу, интернат-үйлерге және аумақтық орталықтарға орналастыру және басқа көмек түрлері. | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі және қорғаншылықты, қамқоршылықты, интернат үйлеріне айқындау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер. | |
| Ф 4 | Сауда, қоғамдық тағамтану, коммуналдық шаруашылық | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі, сондай-ақ өзге де әлеуметтік көмекті ұйымдастыру | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кәсіпорындарын және басқа да мүдделі адамдарды демеушілік көмекке тарту. | тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нормалар мен ереже талаптары. | |

# 3. «Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Біліктері мен дағдылары | Білімі | Жеке және кәсіби құзыреттер |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Азматтардың әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Басқа да әлеуметтік қорғау мекемелерінен қажетті мамандарды, арнаулы әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыруға тарту. Үйден күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі жұмыстың жеке жоспарын әзірлеу. Өмірлік қиын жағдайдағы адамдарға, отбасыларға жан-жақты көмек көрсету: әлеуметтік қолдауды қажет ететін өмірлік қиын жағдайдағы отырған адамдарға, отбасыларға әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-құқықтық және басқа да нақты әлеуметтік қызмет түрлерін және үлгілерін айқындау. | Мүгедектер мен балалар құқықтары туралы конвенция, кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу әдістері, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды ұсыну тәртібі, сондай-ақ өзге де халыққа әлеуметтік көмек ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер. | Басшы белгілеген мақсатта және тәсілдерге сүйене отыр өзінің жеке қызметін ұйымдастыру, қойылған міндеттердің шешімін таб білу және олар үшін жауапкершілік алуға дайындық. Өз жұмысыны нәтижелеріне жауапкершілік |
| Ф 2 | Әлеуметтік қорғау саласында халықаралық және отандық озық тәжірибелерді қолдану. Ұлттық дәстүр, жергілікті әлеуметтік-экономикалық жағдай және әлеуметтік қолдауда жекелеген адамдардың және олардың отбасыларының мұқтаждығына қарай әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа әдістері мен нысандарын тәжірибеге енгізу. | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі сондай-ақ өзге де әлеуметтік көмекті ұйымдастыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нормалар мен ереже талаптары. | |

# 4. «Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Біліктері мен дағдылары | Білімі | Жеке және кәсіби құзыреттері |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Өмірлік қиын жағдайдағы адамдардың және әлеуметтік көмекке және күтімге мұқтаж отбасылардың дерекқорын қалыптастыру. | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі, сондай-ақ өзге де әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілер. | Қойылған міндеттерге ұйымдастырушылық-басқарушыл шешімін таба білу және оларғ жауапты болу дайындығ Өзінің және басқалардың қызмет ұйымдастыру қабіле Жанжалдарды тиімді шешу. |
| Ф 2 | Әлеуметтік көмектің түрлерін және үлгілерін анықтау және сұранысын белгілеу мақсатында жалғыз басты қарттардың және мүгедектердің, еңбекке жарамсыз азаматтардың, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың, материалдық-тұрмыстық жағдайларын зерттеу. | Халықтың әртүрлі әлеуметтік санаттары мен топтарының тіршілік тынысының деңгейі және жағдайлары. | |
| Ф 3 | Қызметкерлердің жұмыстарын басқару және ұйымдастыру. Қызмет көрсетілетін азаматтардың қажеттілігі негізінде әлеуметтік қызмет сапасы мен көлемінің көрсетілетін талаптарға сәйкестігін айқындау.<br>Халыққа арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған қолдағы бар ұйымдастырушылық нысандары және жұмыс істеу әдістерін енгізу. Бөлімше қызметінің тиімділігін жақсарту жөнінде шаралар қолдану. Бөлімше қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру. | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі және кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу әдістері, сондай-ақ өзге әртүрлі әлеуметтік қызмет көрсету мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер. | |
| Ф 4 | Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын адамдардың медициналық мекемелерде немесе арнайы түзету мекемелерінде оңалту қажеттілігін айқындау. Мұқтаж адамдарды стационар, жартылай стационар, уақытша болу | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жағдайларында жұмыс істейтін оңалту ұйымдарына жіберу. | сондай-ақ өзге де әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілер. | |
| Ф 5 | Сауда, қоғамдық тағамтану, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарын және басқа да мүдделі адамдарды демеушілік көмекке тарту. | Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар түрлері және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі, сондай-ақ өзге де әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілер. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нормалар мен ереже талаптары. | |

## 5. «Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің бастығы» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Біліктері мен дағдылары | Білімі | Жеке және кәсіби құзыреттер |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Әлеуметтік қолдауға мұқтаж адамдардың өтініштерін қарау. Жеке сипаттамаларын ескере отырып адамдардың медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да қызметтерге қажеттілігін айқындау. Көмектің нақты түрлері мен нысандарын айқындау, оларды көрсету кезеңдері.<br>Қызмет көрсету жөніндегі ұйымдармен өзара байланыс. | Мүгедектер мен балалар құқықтары туралы конвенция, кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу әдістері, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды ұсыну тәртібі, сондай-ақ өзге де халыққа әлеуметтік көмек ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер. | |
| Ф 2 | Әлеуметтік қолдау саласында шетелдік және отандық озық тәжірибені қолдана отырып құжаттамаларды әзірлеу. | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету түрлері және кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу әдістері, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ережесі. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету әдістері және нысандары. | Өзінің және басқалардың қызметін ұйымдастыру, жоспарлау қабілеті, жұмы уақытын тиімді пайдалану маңыздылығы мен жеделдігі байланысты жеке міндеттер, ретімен орындау қабілеттілі мәселелерді шешуде бастамашылық, жеделдік, е бастысын іріктей және соға жұмыла білу |
| Ф 3 | Әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтар туралы дерекқор қалыптастыруды бақылау. Қажетті көмектің түрі мен нысанына байланысты әлеуметтік қолдауға мұқтаж адамдарға сараланған есеп жүргізуді бақылау. Уәкілетті органдарға статистикалық мәліметтерді ұсыну. | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету түрлері және кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу әдістері, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету бойынша ережесі. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету әдістері және нысандары. | |
| Ф 4 | Бөлімше жұмысында міндеттер қою, олардың жүзеге асырылуын үйлестіру және бақылау, атқарылып жатқан жұмыстың қарқынын, мерзімін қадағалау, уақытынан асырмау үшін қажетіне қарай түзету. Жұмыстың жаңа нысандары мен әдістерін іздеу, қол астындағыларға көмектесу, оларды оқыту. Бөлімше қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру жөнінде шараларды іске асыру. Бөлімше қызметінде жаңа технологияларды қолдану: әлеуметтік қызмет көрсету әдістері және тәжірибеге заманауи жаңа құралдарды енгізу және меңгеру. | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету түрлері және кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу әдістері, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тәртібі, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету бойынша ережесі. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету әдістері және нысандары. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нормалар мен ереже талаптары. | |

«Үйде әлеуметтік көмек көрсету» кәсіби стандартына
5-қосымша

## Келісу парағы

| Р / с № | Ұйымның атауы | Келісілген күні |
|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы | |

Осы КС ______________________________________________________________ ______________________________________________________________ тіркелді

КС тізіліміне енгізілді, тіркеу №_________________, Хат (хаттама) № _______________ Күні _____________
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 690 бұйрығына
2-қосымша

## «Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі қызметтерді ұйымдастыру» кәсіби стандарты 1. Жалпы ережелер

1. «Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі қызметтерді ұйымдастыру» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды және ол мыналарға:

1) еңбек нарығының қазіргі кездегі сұранысына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңарту үшін кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуге;

2) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге ( персоналды уәждендіру және ынталандыру жүйелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды; персоналды іріктеу, таңдау және аттестаттау, мансапты жоспарлау жүйелерін әзірлеуге);

3) персоналды кәсіпорындарда оқытудың, кәсіби білім берудің барлық деңгейінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, сондай-ақ осы бағдарламаларға оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіптік даярлыққа бағалау жүргізуге және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізінде ұйымдардың біліктілік мінездемелері, лауазымдық нұсқаулықтары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

3. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының

кіріктірілген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;

4) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграциялық негізі бар (міндеті, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) және еңбек функцияларының және оларды орындау үшін құзыреттіліктің ұқсас жиынтығын көздейтін еңбек қызметі саласы түрлерінің жиынтығы;

5) КС – кәсіби қызметтің накты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) КС бірлігі – еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

7) кәсіп – бұл арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде туындаған арнайы теориялық білім және практикалық дағдылар кешенін меңгеруді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

8) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

9) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

10) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

## 2. КС паспорты

4. КС төлқұжаты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (бұдан әрі – 03-2007 ҚР МС) «84.30 Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді, оның ішінде мемлекетік әлеуметтік сақтандыру қорынан ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

3) еңбек қызметінің түрлері, кәсіптері, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшада көрсетілген;

5. КС талаптары осы саладағы мынадай кәсіптерге қатысты:

зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйымның маманы;

зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйымның (департаменттің, басқарманың, бөлімшенің, бөлімнің) құрылымдық бөлімшесінің директоры (бастығы);

зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйымның директоры.

## 3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсібінің) карточкасы

### 1-параграф «Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйымның маманы»

6. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ – 4-5, ҰБШ бойынша – 4-5;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 3443 – «Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі мемлекеттік қызметшілер»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың (жетекші, бас, аға) маманы, зейнетақымен қамсыздандыру ұйымдарындағы инспектор (орта персонал);
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: зейнетақы, жәрдемақыларды және әлеуметтік төлемдерді, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан ұйымдастыруды және қамтамасыз етуді көздейді;
5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйым маманның еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

### 2-параграф «Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйым бөлімінің бастығы»

7. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ – 6, ҰБШ бойынша – 6;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1228 – «Халыққа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету саласының ұйымдарындағы мамандырылған бөлімшелердің (қызметтер) басшылары»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйым бөлімінің бастығы;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: құрылымдық бөлімшенің қызметін басқаруды көздейді және зейнетақы, жәрдемақы, әлеуметтік төлемдерді төлеуді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйым бөлім бастығының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

### 3-параграф «Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйымның директоры»

8. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ – 7, ҰБШ бойынша – 7;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1143 – «Гуманитарлық және басқа арнайы ұйымдардың басшылары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйымның құрылымдық бөлімшесінің (департаменттің, басқарманың, бөлімшенің, бөлімнің) директоры (басшысы);

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: заңнамаға сәйкес зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық етуді көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі ұйым директорының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 4. КС бірліктерінің тізімі

9. КС бірліктерінің тізімі осы КС 2-қосымшасында көрсетілген және КС бірліктерінің шрифті мен атауынан тұрады.

## 5. КС бірліктерінің сипаттамасы

10. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында көрсетілген.

## 6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

11. Кәсіптік даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар осы КС негізінде сертификаттар береді.

12. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері осы КС 3-қосымшада көзделген сертификатты алу үшін игеру қажет болатын КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес айқындалады.

## 7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

| Ф 1 | Мекеменің (ұйымның) қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру. Заңнамада белгіленген нормалар шегінде ұйымның мүлігі мен құралдарына иелік ету. Бөлінетін бюджет қаражаттарын, сондай-ақ қаржыландырудың басқа да көздерінен түсетін қаражаттарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету. Іс жүзінде отандық және шетелдік әлеуметтік жұмыс тәжірибесін қолдану<br>Қоғаммен байланысты жүзеге асыру.<br>Заңнамада белгіленген тәртіппен шарттар жасау, сенімхат беру. Қамқорлықтағыларға әлеуметтік қызмет көрсету жұмысының жаңа нысандары мен әдістерін енгізу, ұйымды заманауи техникалық оңалту және қамқорлықтағыларға күтім құралдарымен | Ұйымның әлеуметтік қамтамасыз ету және қызмет көрсету мәселелерін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, салық, экология және бюджеттік заңнамасы, баға белгілеу негіздері, көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыстар үшін есептердің тәртібі, қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыру, шарттар жасау | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жарақтандыруды қамтамасыз ету.<br>Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру.<br>Гуманитарлық көмекті қабылдауды, сақталуын және қамқорлықтағылар арасында бөлуді қамтамасыз ету.<br>Қамқорлықтағыларға қызмет көрсетуді жақсарту үшін бюджеттен тыс қаражатты тарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру<br>Қажетті есеп беруді, статистикалық мәліметтердің сенімділігін қамтамасыз ету. | және орындау тәртібі, еңбекті ұйымдастыру және басқару, экономика және азаматтық құқық негіздері. | |
| Ф 2 | Заңды өкілдермен (ата-аналармен, қамқорлықтағылармен) жұмысты үйлестіру.<br>Ұйымның сотта, арбитражда, мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда белгіленген заңнамалық тәртіппен мүліктік және басқа да мүдделерін білдіру және қорғау.<br>Қамқорлықтағыларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша ұйымның қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру.<br>Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарында көзделген негізгі міндеттер мен функциялардың орындалуын қамтамасыз ету.<br>Қоғаммен байланысты жүзеге асыру.<br>Туыстық қатынастарды қолдау үшін қамқорлықтағыларға жағдай жасау шараларын қабылдау.<br>Қамқорлықтағыларға әлеуметтік қызмет көрсету жұмысының жаңа нысандары мен әдістерін енгізу.<br>Заманауи техникалық оңалту және қамқорлықтағыларға күтім құралдарымен жарақтандыру бойынша ұсыныс енгізу. | Мүгедектер мен бала құқықтары туралы конвенция.<br>Әлеуметтік жұмыс теориясы мен әдістемесі, әлеуметтік жұмыстың, психологияның, педагогиканың, геронтологияның негіздері | Қабылдаған шешімдерінің салдарына толық жауапкерші.<br>Әлеуметтік қызметінің әрқашанда жаңа жетістіктері басқаларға ұғындыра отырып кәсіби ортада іскерлік ойлары еркін талқылап, дәлелдеп қорытындылау.<br>Ұйым қызметінің дамуы үші қажетті деректерді айқында және ақпараттар іздеу.<br>Командада бірге жұмыс істеу. |
| | Сауықтыру, оқу профилактикалық жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту.<br>Ондағы мұқтаж балаларды, карттар мен мүгедектерді протездік-ортопедиялық, басқа да арнайы құралдармен қамтамасыз | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ф 3 | ету шараларын қабылдау. Емдеу қызметін талдауды жүргізу Қамқорлықтағыларды санитарлық-гигиеналық тәрбиелеу іс-шараларын жүргізуді жоспарлау және қамтамасыз ету. Емдік құралдармен және медицинаға арналған бұйымдармен қамтамасыз ету шараларын қабылдау. Рационалдық эксплуатациялық медициналық техникамен қамтамасыз ету. | Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен әдістері, заманауи психологиялық-педагогикалық ғылым мен тәжірибе жетістіктері, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту жүргізудің негіздері. | |
| Ф 4 | Шаруашылық шарттарын уақытылы жасау бойынша шаралар қабылдау, олардың орындалуын бақылау Ұйымды кеңсе заттарымен және шаруашылық күнделікті қажет заттармен қамтамасыз ету шараларын қабылдау Ұйымның ғимараттары мен құрылыстарын техникалық қайта жабдықтау және реконструкциялау жөніндегі перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеу Ұйымды жаңа технологиялық жабдықпен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру Шаруашылық керек-жарақтың сақталуын, оны қалпына келтіру және толықтыру, сондай-ақ үй-жайлар мен жанындағы аумақтарда тазалықты сақтауды қамтамасыз ету Ғимараттар мен құрылыстарға, инженерлік коммуникацияларға, коммуналдық қызметтерге қызмет көрсету және пайдалану жөніндегі персоналдың жұмысын бақылауды қамтамасыз ету | Қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастыру ережесі, тауарлар мен жабдықтарды сатып алу әдістемесі, жарақтардың стандарттары мен техникалық шарттары, оның жұмыс істеу қағидаттары, тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтау, қоймалау қағидасы мен тәртібі, шарттар жасау тәртібі, көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыстар үшін есептердің тәртібі | |
| Ф 5 | Басшылық құрамды және басқа кадрларды іріктеу және орналастыру. Ұйымды басқару құрылымын, штаттық кестені айқындау. Кадрларды іріктеу, қабылдау және орналастыруды жүзеге асыру. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттемелерін айқындау. Кадрлардың біліктілігін арттыру шараларын қабылдау. Қызметкерлерді еңбекке ынталандыруды, бастамалары мен | Ұйымның әлеуметтік қамтамасыз және қызмет көрсету мәселелерін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, ұйым бейіні мен ерекшеліктері, персоналды басқару теориясы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | белсенділігін дамыту. Қызметкерлердің еңбек және өндіріс тәртібін күшейту, аттестациялау жұмысын жүргізу. Өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын жасау, ұжымда қолайлы моралдық - психологиялық атмосфераны қалыптастыру. | мен практикасы. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының талаптары | |

«Медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) лауазымдары»
кәсіби стандартына
5-қосымша

## Келісу парағы

| Р/с № | Ұйымның атауы | Келісілген күні |
|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы | |

Осы КС ____________________________________________________________ ____________________________________________________________ тіркелді КС тізіліміне енгізілді, тіркеу №____________________, Хат (хаттама) № ___________ Күні _____________

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 690 бұйрығына
5-қосымша

# «Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу қызметтерін ұйымдастыру» кәсіби стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу қызметтерін ұйымдастыру» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды және ол мыналарға:

1) еңбек нарығының қазіргі кездегі сұранысына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңарту үшін кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай

талаптарды әзірлеуге;

2) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге ( персоналды уәждендіру және ынталандыру жүйелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды; персоналды іріктеу, таңдау және аттестаттау, мансапты жоспарлау жүйелерін әзірлеуге);

3) персоналды кәсіпорындарда оқытудың, кәсіби білім берудің барлық деңгейінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, сондай-ақ осы бағдарламаларға оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіптік даярлыққа бағалау жүргізуге және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізінде ұйымдардың біліктілік мінездемелері, лауазымдық нұсқаулықтары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

3. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының кіріктірілген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;

4) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі бар (міндеті, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) және еңбек функцияларының және оларды орындау үшін құзыреттіліктің ұқсас жиынтығын көздейтін еңбек қызметі саласы түрлерінің жиынтығы;

5) КС – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) КС бірлігі – еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

7) кәсіп – бұл арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде туындаған арнайы теориялық білім және практикалық дағдылар кешенін меңгеруді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

8) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

9) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – салада танылатын

біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

10) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

## 2. КС паспорты

4. КС төлқұжаты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (бұдан әрі – 03-2007 ҚР МС) «87.90 Басқа санаттарға кіргізілмеген, күту бойынша қызметтің өзге түрлері»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: өзін-өзі толықтай қарауға жағдайы жоқ немесе өздігінше өмір сүргісі келмейтін адамдарға, қарттар мен мүгедектерді қоспағанда, күтім көрсету;

3) еңбек қызметінің түрлері, кәсіптері, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшада көрсетілген;

5. КС талаптары осы саладағы мынадай кәсіптерге қатысты: белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының директоры.

## 3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсібінің) карточкасы

## 1-параграф «Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының директоры»

6. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ – 7, ҰБШ бойынша – 7;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1143 «Гуманитарлық және басқа да арнайы ұйымдардың басшылары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): медициналық-әлеуметтік ұйымның (әлеуметтік қызмет көрсету орталығының (қарттар мен мүгедектерге), белгілі бір тұрғылықты жері жоқ тұлғаларға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының, отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталығының, кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-оңалту орталығының, балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік пана үйлерінің және т.б.) директоры;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: әлеуметтік бейімдеуге мұқтаж адамдарды есепке алу, халыққа және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға бейімдеу мәселелері жөнінде

консультациялық көмек көрсету жұмысын ұйымдастыруды және орталықтың қаржылық-шаруашылық қызметі жоспарларының орындалуын және шаруашылық шарттардың жасалуын және орындалуын бақылауды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы директорының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 4. КС бірліктерінің тізімі

7. КС бірліктерінің тізімі осы КС 2-қосымшасында көрсетілген және КС бірліктерінің шрифті мен атауынан тұрады.

## 5. КС бірліктерінің сипаттамасы

8. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында көрсетілген.

## 6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

9. Кәсіптік даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар осы КС негізінде сертификаттар береді.

10. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері КС 3-қосымшада көзделген сертификатты алу үшін игеру қажет болатын КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес айқындалады.

## 7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

11. КС әзірлеушісі «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып табылады.

12. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.

«Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу қызметтерін ұйымдастыру»
кәсіби стандартына
1-қосымша

## Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің түрлері (кәсібі)

| Р/с № | Қызмет түрінің атауы | Қызметшілер лауазымдарының атауы | 01-2005 ҚР МС сәйкес кәсіптердің атауы | СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разряд |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу саласындағы қызметті басқару, реттеу, бағыттау, іске асыру және үйлестіру | Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының директоры | Медициналық-әлеуметтік ұйымның (әлеуметтік қызмет көрсету орталығының (қарттар мен мүгедектерге), белгілі тұрғылықты жері жоқ тұлғаларға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының, отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталығының, кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-оңалту орталығының, балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік пана үйлердің және т.б.) директоры | 7 | - |

Ескертпе: БТБА - Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

«Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу қызметтерін ұйымдастыру» кәсіби стандартына
2-қосымша

## 1. Ықтимал жұмыс орындары. Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы директорының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 7 | Жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) білім | Жұмыс тәжірбиесі әлеуметтік қорғау саласында кемінде жыл немесе экономикалық қызмет түрінің тиісті бейі ұйымындағы басшы лауазымдарында кемінде 5 жыл |

«Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу қызметтерін ұйымдастыру» кәсіби стандартына
3-қосымша

## КС бірліктерінің тізбесі

## 1. «Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы директоры» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Ұйымның қызметтерін ұйымдастыру және реттеу |
| Ф 2 | Халыққа және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға бейімдеу мәселелері бойынша көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру |
| Ф 3 | Персоналды басқару |

Ескерте: Ф-функция

«Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу қызметтерін ұйымдастыру» кәсіби стандартына
4-қосымша

## КС бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық картасы)

## 1. «Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы директоры» еңбек қызметінің түрі (кәсібі)

| Шифры | Біліктері мен дағдылары | Білімі | Жеке және кәсіби құзыреттер |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Әлеуметтік бейімдеу орталығы қызметінің барлық бағыттарын басқару.<br>Орталықта қауіпсіз және оңтайлы еңбек жағдайларын жасау және қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жалпы басқару.<br>Бөлінетін бюджеттік қаражатты, сондай-ақ басқа қаржыландыру көздерінен түсетін қаражатты тиімді пайдалану. | Халықты әлеуметтік қорғау мәселелерін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер.<br>Әр түрлі әлеуметтік ортадағы жұмыстардың ерекшелігі, орталықтың бейіні, мамандандырылуы және ерекшеліктері; шарттарды жасасу және орындау тәртібі; экономика, құқық, әкімшілік және азаматтық | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Халықты әлеуметтік қорғау саласында жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша орталықтың жұмыс режимін ұйымдастыру. Орталықтың мүліктік және басқа мүдделерін белгіленген заңнамалық тәртіпте қорғау және ұсыну. | заңнама негіздері; шаруашылық-қаржылық қызметін ұйымдастыру; экономика, есепке алу және қаржылық талдау негіздері. | Қойылған міндеттерді жоспарлаумен және іске асырумен байланысты мәселелерді шешу қабіле Ұйым қызметін дамыту үші қажетті ақпарат көздерін айқындау және іздесті Өзінің және басқалардың жұмысының нәтижелеріне жауапкершілік. |
| Ф 2 | Қызмет көрсету аймағында және әлеуметтік қолдауға мұқтаж адамдар мен отбасылар туралы деректер банкін айқындау және қалыптастыру. Халыққа және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға бейімдеу мәселелері бойынша көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру. Қызмет көрсетілетін контингентке құжаттарды қалпына келтіруде, жұмысқа орналастыруда және уақытша және тұрақты, тұрғылықты жер іздестіруде шаралар қабылдау және жәрдем көрсету. Гуманитарлық көмектерді қабылдауды, сақтауды және орталық қызмет көрсететін адамдар арасында бөлуді қамтамасыз ету. | Әлеуметтік жұмыс, психология, социология, кәсіби патология, кәсіби бағдар негіздері; әлеуметтік бейімдеу бойынша отандық және шетелдік озық тәжірибе. | |
| Ф 3 | Орталықты білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың біліктілігін арттыру, қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау бойынша шаралар қабылдау. Қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасу және бұзу. Еңбек кестесін және еңбек тәртібін қамтамасыз ету. Қызметкерлердің еңбек уәжін, бастамашылығы мен белсенділігін дамыту. | Ұйым персоналын басқару теориясы және практикасы; кадрлық іс жүргізу негіздері. Персоналды уәждеу және ынталандыру әдістері. Еңбек қауіпсіздігі техникасының талаптары. | |

«Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу қызметтерін ұйымдастыру»
кәсіби стандартына
5-қосымша

## Келісу парағы

| Р / с № | Ұйымның атауы | Келісілген күні |
|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы | |

Осы КС ______________________________________________________________ ____________________________________________________________ тіркелді

КС тізіліміне енгізілді, тіркеу № ___________________,

Хат (хаттама) № ___________ Күні ____________________

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 690 бұйрығына
6-қосымша

## «Протездік-ортопедиялық бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтер» кәсіби стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Протездік-ортопедиялық бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтер» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды және ол мыналарға:

1) еңбек нарығының қазіргі кездегі сұранысына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңарту үшін кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуге;

2) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге ( персоналды уәждендіру және ынталандыру жүйелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды; персоналды іріктеу, таңдау және аттестаттау, мансапты жоспарлау жүйелерін әзірлеуге);

3) персоналды кәсіпорындарда оқытудың, кәсіби білім берудің барлық деңгейінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, сондай-ақ осы бағдарламаларға оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіптік даярлыққа бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізінде ұйымдардың біліктілік мінездемелері, лауазымдық нұсқаулықтары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

3. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
1) біліктілік-қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;
2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;
3) еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының кіріктірілген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;
4) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі бар (міндетті, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) және еңбек функцияларының және оларды орындау үшін құзыреттіліктің ұқсас жиынтығын көздейтін еңбек қызметі саласы түрлерінің жиынтығы;
5) КС – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
6) КС бірлігі – еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;
7) кәсіп – бұл арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде туындаған арнайы теориялық білім және практикалық дағдылар кешенін меңгеруді талап ететін еңбек қызметінің түрі;
8) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;
9) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипатау;
10) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

## 2. КС паспорты

4. КС төлқұжаты келесіні анықтайды:
1) экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы):
Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (бұдан әрі – 03-2007 ҚР МС) «32.50 Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтарды өндіру»;
2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: азаматтарды белгіленген тәртіппен қол және аяқ, көкірек бездері протездерімен,

оларға қажетті тетіктермен, ортопедиялық аяқ киіммен және аппараттарға арналған аяқ киіммен, таяқтармен, балдақтармен, емдеу-профилактикалық протездік-ортопедиялық бұйымдармен (бандаждармен, корсеттермен, туторлармен, реклинаторлармен, бас ұстағыштармен, супинаторлармен, емдік белдіктермен, балалардың профилактикалық шалбарларымен және басқаларымен ), сондай-ақ протездеу бойынша медициналық қызметтер көрсетумен қамтамасыз етуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттік, конструкторлық-технологиялық және ұйымдық-басқарушылық қызметтерді ұсыну арқылы протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру;

3) еңбек қызметінің түрлері, кәсіптері, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшада көрсетілген;

5. КС талаптары осы саладағы келесі кәсіптерге қатысты:
фрезерлеуші;
техник-протезші;
механик-протезші;
цех бастығының орынбасары;
цех бастығы;
ақпараттық-техникалық сектордың маманы;
ақпараттық-техникалық сектордың меңгерушісі;
инженер-стандарттаушы;
инженер-технолог;
инженер-конструктор;
директордың орынбасары;
директор.

## 3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсібінің) карточкасы

### 1-параграф «Фрезерлеуші»

6. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 2-4;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 7442 – «Былғары аяқ киімдер және басқа да былғары заттарының өндірісімен айналысатын жұмысшылардың кәсіптері»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): фрезерлеуші;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы:
аяқ киімдерді жонуды, дайын аяқ киімнің сапасына қойылатын талаптарды, қызмет көрсететін машинаны реттеуді және баптауды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Фрезерлеушінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 2-параграф «Техник-протезші»

7. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 4-5;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 3225 – «Фельдшерлер мен техник-стоматологтар»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): техник-протезші;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: науқастар мен мүгедектерді протездік-ортопедиялық бұйымдарды пайдалануға үйретуді көздейді;
5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Техник-протезшінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 3-параграф «Механик-протезші»

8. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 3-4;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 7311 – «Прецизиондық құрал-жабдықтар мен аспаптар әзірлеумен айналысатын жұмысшылар»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): механик-протезші;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: арнайы станоктар мен аспаптарды пайдалана отырып, протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындауды, қиыстырып келтіруді, өлшеуді, өңдеуді және жөндеуді көздейді;
5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы

КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Механик-протезшінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 4-параграф «Цех бастығы (бастықтың орынбасары)»

9. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 6;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1222 – «Өнеркәсіптегі мамандырылған (өндірістік-пайдалану) бөлімшелерінің (қызметтерінің) басшылары»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): цех бастығы (бастықтың орынбасары);
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: цехтың өндірістік-шаруашылық қызметін басқаруды және өндірістік тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етуді, жоғары сапалы өнімді бір қалыпты шығаруды, негізгі және айналым құралдарын тиімді пайдалануды көздейді;
5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Цех бастығының (бастықтың орынбасары) еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 5-параграф «Ақпараттық-техникалық сектордың маманы»

10. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 4;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 3121 – «ЭЕМ қызмет көрсету жөніндегі техниктер мен операторлар»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): ақпараттық-есептеу орталығының технигі, жүйе әкімшісі;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: есептеу техникасы құралдарын тиімді пайдалануды, есептеу (ақпараттық-есептеу) орталығының ақпараттарын қабылдауды және беруді, техникалық қызмет көрсету және жабдықтарды жөндеу жұмыстарының жоспарлары мен кестелерін әзірлеуге қатысуды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Ақпараттық-техникалық сектордың маманының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 6-параграф «Ақпараттық-техникалық сектордың меңгерушісі»

11. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі СБШ бойынша – 6;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1236 – «Руководители IT-подразделений (служб)»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): ақпараттық-техникалық сектордың меңгерушісі;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: экономикалық-математикалық әдістер жиынтығын, есептеу техникасының құралдарын, коммуникациялар мен байланысты және экономикалық кибернетика теориясының элементтерін пайдалану негізінде өндірісті басқаруды, өндірісті және оның жекелеген кіші жүйелерін басқаруды жетілдіру жобаларын әзірлеуге және енгізуге басшылық етуді көздейді;
5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Ақпараттық-техникалық сектордың меңгерушісінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 7-параграф «Инженер-стандарттаушы»

12. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:
1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 5;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 2123 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау мамандары»;
3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): стандарттау бойынша инженер;
4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: техникалық құжаттаманы қалыпқа келтіруді бақылауды жүзеге асыруды, жаңа стандарттарды әзірлеу және қолданыстағы стандарттарды қайта қарау,

техникалық шарттар мен стандартизация және сертификация бойынша басқа құжаттарды әзірлеу, оларды ұйымдарға енгізу, стандарттау әдістерімен өнімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату бойынша жұмыстар жүргізу мен өнімді сертификаттау және мемлекеттік аттестаттау жүргізу бойынша дайындау;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы таруда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-стандарттаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 8-параграф «Инженер-технолог»

13. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі СБШ бойынша – 5;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 2145 – « Инженер-механиктер мен машина жаса технологтары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): инженер-технолог;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: прогрессивтік технологиялық процестерді, жабдықтар мен технологиялық жабдықтарды енгізу үшін бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруді қамтамасыз ету мен материалдық және еңбек шығындарын қысқартуды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-технологтың еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 9-параграф «Инженер-конструктор»

14. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 5;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 2149 – «Басқа топтарға енбеген архитекторлар, инженерлер мен тектес кәсіптер мамандары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): иженер-конструктор;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы: жобалауды автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, күрделі, орташа

және аса күрделі бұйымдардың эскизді, техникалық және жұмыс жобаларын әзірлуді және бұйымдардың, тараптардың, жүйелер мен бөлшектердің озық үлгілерін, ұйым шығаратын өнімнің жаңа және жетілдірілген конструкцияларын монтаждауға, баптауға, сынауға және іске қосуға қатысуды көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-конструктордың еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 10-параграф «Директор (директордың орынбасары)»

15. Еңбек қызметі түрінің (кәсібінің) карточкасы мыналардан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: СБШ бойынша – 7;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша базалық топ (бұдан әрі – 01-2005 ҚР МС): 1210 – «Ұйымдардың басшылары»;

3) лауазымдардың ықтимал атаулары (кәсіп): директор, директордың орынбасары;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы:

өндірістің қажетті деңгей дайындығын және оның тұрақты өсуін, өндіріс тиімділігін арттыру және еңбек өнімділігін, шығындарын (материалдық, қаржы, еңбек) қысқарту, өндірістік ресурстарды тиімді пайдалану, шығарылған өнімнің, жұмыстың немесе қызметтің жоғары сапасы мен бәсекеге жарамдылығы, шығарылған өнімнің қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттар мен әрленім талаптарына және техникалық эстетикаға сәйкестігі, сондай-ақ олардың сенімділігі мен төзімділігі және жаңа техника мен технологияны енгізу жоспарларын әзірлеу және жүзеге асыруды ұйымдастыру, ұйымдық-техникалық іс-шараларын, ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарын жүргізуді көздейді;

5) ықтимал жұмыс орындары, қызметкердің кәсіби біліміне және оқуына талаптар, біліктілігін дәлелдейтін, сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшадағы тарауда «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Директордың еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» келтірілген.

## 4. КС бірліктерінің тізімі

16. КС бірліктерінің тізімі осы КС 2-қосымшасында көрсетілген және КС бірліктерінің шрифті мен атауынан тұрады.

## 5. КС бірліктерінің сипаттамасы

17. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында көрсетілген.

## 6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

18. Кәсіптік даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар осы КС негізінде сертификаттар береді.
19. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері КС 3-қосымшада көзделген сертификатты алу үшін игеру қажет болатын КС бірліктерінің тізбесіне сәйке айқындалады.

## 7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

20. КС әзірлеушісі «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып табылады.
21. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.

«Протездік-ортопедиялық бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтер»
кәсіби стандартына
1-қосымша

## Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің түрлері (кәсібі)

| Р/с № | Қызмет түрінің атауы | Еңбек нарығының үрдісін ескергендегі кәсіптердің атауы | 01-2005 ҚР МС сәйкес кәсіптердің атауы | С Б Ш біліктілік деңгейі | Б Т Б А бойынша разряд |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | Фрезерлеуші | Фрезерлеуші | 2-4 | 2-7 |
| 2 | | Техник-протезші | Техник-протезші | 4-5 | - |
| 3 | | Механик-протезші | Механик-протезші | 3-4 | - |
| 4 | | Цех бастығы (бастықтың орынбасары) | Цех бастығы (бастықтың орынбасары) | 6 | - |
| 5 | | | | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Протездік-ортопедиялық бұйымдарды әзірлеу және өндіру | Ақпараттық-техникалық сектордың маманы | Есептеу орталығының технигі (ақпараттық есептеу ) | 4 | - |
| | | Ақпараттық-техникалық сектордың меңгерушісі | Бөлім, сектор, қызмет, орталық бастығы ( компьютерлік қамтамасыз ету) | 6 | - |
| | | Инженер-стандарттаушы | Стандарттар жөніндегі маман | 5 | - |
| 8 | | Инженер-технолог | Инженер-технолог-протезші | 5 | - |
| 9 | | Инженер-конструктор | Инженер - конструктор | 5 | - |
| 10 | | Директор (директордың орынбасары) | Ұйымның басшысы | 7 | - |

Ескертпе: БТБА - Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

«Протездік-ортопедиялық бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтер» кәсіби стандартына
2-қосымша

# 1. Ықтимал жұмыс орындары. Фрезерлеуші маманының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыстың орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | өндірістік цехтар, зауыттар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Жылжымалы машиналар және механизмдер; өндірістік жабдықть қозғалмалы бөлшектері; жұмыс орнындағы шудың деңгейіні жоғарлығы; жұмыс аймағындағы ауаның шаңдануының жоғарылы |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 2 | Орта білім | Талап қойылмайды |
| 3 | Техникалық және кәсіби білім | 2 деңгейде жұмыс тәжірибесі кемінде 6 ай |
| 4 | Техникалық және кәсіби білім | 3 деңгейде жұмыс тәжірибесі кемінде 1 жыл |

## 2. Ықтимал жұмыс орындары. Техник-протезші маманының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - | |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 4 | Техникалық және кәсіби медициналық білім | Жұмыс тәжірбиесі кәсіби қызмет саласында кемінде 1 жыл |
| 5 | Техникалық және кәсіби медициналық білім | Жұмыс тәжірбиесі кәсіби қызмет саласында кемінде 3 жыл |
| | Жоғары медициналық білім | Талап етілмейді |

## 3. Ықтимал жұмыс орындары. Механик-протезші маманының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Өндірістік жабдықтың қозғалмалы бөлшектері; фрезерлік-шлифтегіш, қайырғыш, бұрғылайтын станоктар, термопештер және термофендер; шаңдану жоғарылығы желімдермен, полиамидтік шайырлармен, полиуритандық қоспалармен, термопластармен, гипспен жұмыс); шу деңгейінің жоғарлығы | |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 3 | Жалпы орта білім, кәсіпорында оқу | Жұмыс тәжірибесі кәсіби қызмет саласында кемінде 1 жыл |
| 4 | Техникалық және кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі кәсіби қызмет саласында кемінде 1 жыл |

## 4. Ықтимал жұмыс орындары. Цех бастығының (цех бастығы орынбасарының) еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 6 | Жоғары кәсіби білім немесе орта техникалық және кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі кәсіби қызмет саласында жоғары біліктілік деңгей маманына кемінде 3 жыл немесе орт біліктілік деңгей маманына кемінде 5 жыл |

## 5. Ықтимал жұмыс орындары. Ақпараттық-техникалық секторы маманының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 4 | Мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім | Талап қойылмайды |
| 5 | Мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл |
| | Мамандық бойынша жоғары білім | Талап қойылмайды |

## 6. Ықтимал жұмыс орындары. Ақпараттық-техникалық сектордың меңгерушісінің еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 6 | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі кәсіби қызмет саласында кемінде 5 жы |

## 7. Ықтимал жұмыс орындары. Инженер-стандарттаушы маманының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - | |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 5 (Санаты жоқ) | Жоғары кәсіби білім | Талап қойылмайды |
| | Орта техникалық және кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі І санаттағы техник лауазымында кемінде 3 жыл |
| 5 (ІІ санатты) | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі санаты жоқ инженер-стандарттаушы лауазымында кемінде 3 жыл |
| 5 (І санатты) | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі ІІ санаттағы инженер-стандарттаушы лауазымында кемінде 2 жыл |

## 8. Ықтимал жұмыс орындары. Инженер-технолог маманының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - | |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 5 (Санаты жоқ) | Жоғары кәсіби білім | Талап қойылмайды |
| | Орта техникалық және кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі І санаттағы техник лауазымында кемінде 3 жыл |
| 5 (ІІ санатты) | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі санаты жоқ инженер-технолог лауазымында кемінде 3 жыл |
| 5 (І санатты) | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі ІІ санаттағы инженер-технолог лауазымында кемінде 2 жыл |

## 9. Ықтимал жұмыс орындары. Инженер-конструктор маманының еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СШБ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 5<br>(Санаты жоқ) | Жоғары кәсіби білім | Талап қойылмайды |
| | Техникалық және кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі I санаттағы техник-конструктор лауазымында кемінде 3 жыл |
| 5<br>(II санатты) | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі санаты жоқ инженер-конструкто лауазымында кемінде 3 жыл |
| 5<br>(I санатты) | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі II санаттағы инженер-конструкто лауазымында кемінде 2 жыл |

## 10. Ықтимал жұмыс орындары. Директордың (директор орынбасарының) еңбек жағдайларына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша жұмыстың ықтимал орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СШБ біліктілік деңгей | Кәсіби білім беру мен оқытудың деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 7 | Жоғары кәсіби білім | Жұмыс тәжірибесі кәсіби қызмет саласында кемінде 5 жы |

«Протездік-ортопедиялық бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтер» кәсіби стандартына
